Особое внимание следует уделить снижению безработицы, особенно молодежной.

Выпускники вузов, колледжей, особенно молодежь без образования не всегда имеют возможность трудоустроиться на постоянные рабочие места. Это мы хорошо знаем. Выживают, перебиваясь случайными заработками.

Некоторые в поисках дохода могут переступить закон.

Поручаю Правительству рассмотреть возможность увеличения продолжительности участия и размера оплаты труда по проектам «Молодежная практика» и «Первое рабочее место».

Особое внимание следует уделить выделению целевых грантов для молодежи из густонаселенных регионов страны.

Для построения новой экономики важно повышение конкурентоспособности вузов.

Недавно в Казахстане начали открываться филиалы ведущих зарубежных вузов. В скором времени планируется открытие филиалов передовых технических вузов России.

Считаю необходимым к 2025 году открыть в нашей стране не менее 5 филиалов авторитетных зарубежных университетов.

Далее. Важнейшим вопросом остается социальная справедливость. Казахстан по Конституции – социальное государство.

Государством делается немало. Более 50 % расходов республиканского бюджета – расходы социального характера. Но этого недостаточно.

У нас есть Национальный фонд – это финансовая опора страны.

Сегодня же я поручаю создать общественный социальный Фонд «Қазақстан халқына».

Он будет заниматься решением реальных проблем в сфере здравоохранения, образования, социальной поддержки.

Например, помощью детям с редкими заболеваниями. Ведь для большинства семей расходы на лечение попросту неподъемны.

Будем строить спортивные объекты для детей в городах, районах, поселках, селах. Окажем содействие способным детям. Поддержим культуру. Поможем Алматы оправиться от страшной трагедии.

Из средств этого Фонда мы поддержим семьи погибших полицейских и военнослужащих.

И это лишь отдельные примеры.

Подчеркну: это не фонд Президента, Правительства или какого-либо другого государственного органа. Это фонд всех казахстанцев, народный фонд.

Он не будет функционировать при Администрации или Правительстве.

Будет создан авторитетный наблюдательный совет, назначен честный и ответственный руководитель.

Прошедшие события обнажили острые проблемы, существующие в нашем обществе.

Нападения на наши города, родных и близких показали, насколько хрупкими оказались главные ценности нашего государства – мир и стабильность.

Мы должны четко понимать, что государство и граждане – это единое целое. Эти понятия неделимые, особенно когда речь идет о безопасности страны.

Баса назар аударуды қажет ететін тағы бір мәселе бар.

Көптеген жас азаматымыз Қарулы күштер қатарында әскери борышын өтеуден қашады.

Әскери билетке ие болу жастардың мақтанышын тудырмайды және Отанға қызмет етудің белгісі саналмайтын болды.

Армия қатарында қызмет ету, құқық қорғау саласында жұмыс істеу – айрықша миссия.

Бұл – Отан үшін жанын салуға бел буған азаматтардың саналы таңдауы.

Жастарымызды әскери борышын өтеуге қалай ынталандыруға болатынын біз бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек.

Біз – мықты халықпыз.

Төл тарихымызда талай жаугершілік заманды, ашаршылықты және басқа да алапат қиындықты бастан өткердік.

Соңғы күндердегі қайғылы оқиғалар біз үшін тағы бір сынақ болды. Оны еңсеріп, бұрынғыдан да мықты боламыз.

В целом, назрела необходимость трансформации взаимоотношений между государством и обществом.

Нужен новый формат общественного договора.

Казахстан продолжит курс политической модернизации. Это моя принципиальная позиция.

В политической сфере сделано немало.

Мною было выдвинуто четыре пакета политических реформ, в рамках реализации которых принято более

10 законов. И в этом плане я благодарен депутатам Мажилиса и Сената за очень оперативную и качественную работу.

Заработало новое по сути законодательство о митингах.

Снижен регистрационный барьер для создания партий и порог их прохождения в Парламент.

Расширено представительство женщин и молодежи в Мажилисе и маслихатах.

Қадірлі отандастар!

Қиын күндер артта қалды.

Осы сәтте ел тағдыры үшін ұйыса білген бүкіл халқыма шынайы ризашылығымды білдіремін!

Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек.

Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет.

Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады.

Бұл шынайы жаңару кезеңі болады.

Егемен елімізді бірге өркендетейік!

Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат.

Жаңа Қазақстанды Бірге құрайық!

*(Қысқартылып алынды).*

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

## ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

# АЛАТАУДАЙ АСҚАҚ, ДАЛАДАЙ ДАРХАН

**КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ІРІ ҒАЛЫМ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ДОКТОРЫ, ҮШ МӘРТЕ СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА (1912-1993 ЖЫЛДАР) 12 ҚАҢТАРДА 110 ЖЫЛ ТОЛАДЫ.**


Димекең әкесі Меңдіахмет, шешесі Зәуремен бірге

Балғын жеткіншек Димаштың Қонай бабасынан Жұмабай атты ұл мен Бұлантай атты қыз туған екен. Жұмабай атасы өз заманының беделді азаматы, өз ауылында бала оқытып, мешіт салып, қажылық ұзақ сапарға барып қайтқан азамат болыпты. Димекең туғанда Жұмабай жарықтық төсек тартып жатқан екен. Сәбиді қырқынан шығарып, бауырына басқан әжесі Жұмекеңнен бата сұрағанда қария:

– *Маңдайың ашық, көзің танадай екен. Жанарыңнан нұр көрдім. Сірә, елге би боларсың, елдің алақанында өтерсің. Алла осы тілегімді қабыл қылсын!* – деп ақ батасын берген дейді. Атасы батасын берген Дінмұхамедтің әкесі Меңліахмет өзінің зеректігінің арқасында озық, білімді азамат қатарында танылады. Ал, анасы Зәуре Байырқызы Алматы қаласына таяу Қоянды деп аталған ескі ауылдың (қазіргі Шелек) кедей азаматының қызы екен. Бұл ерлі-зайыптылар жетпіс жылдан астам уақыт бірге өмір сүріп, Зәуре Байырқызы 1973 жылы 86 жасында, Меңліахмет қарт 1976 жылы 90 жасында қайтыс болады.

Отағасы Меңліахмет пен отанасы Зәуре Байырқызы тоғыз бала өсіріп, бақытты өмір сүрген жан иелері екені ақиқат. Ұлдары – Димаш пен Асқар, Әмина, Маймуна, Нәйлә, Фазилә, Гауһар, Сара, Роза атты қыздарының әрқайсысы өз еңбегі арқасында ел-жұртының қошемет-құрметіне лайықты қайраткерлер қатарынан көрінді. Меңліахметтің жеті қызының екеуі – Нәйлә мен Фазилә Ұлы Отан соғысына қатысып, туған ортасына оралғаны қандай ерлік! Димаш Ахметұлының қарындасы Роза Меңліахметқызы ағасы туралы былай дейді:

*– Димаш ағамның мінезі әкеме де, шешеме де тартқан. Әкем айтқанынан қайтпайтын қайсар, өжет болатын. Ал, анам өте мейірімді жан еді. Димаш ағамда әкемнің қайсарлығы мен анамның мейірімділігі астасып жатқан. Димаш ағам анама өте жақын еді, анам да қартайғанша Димаш ағамды: «Балам, балақайым» деп өтті.*

Қазақтың дана перзенті Д.Қонаевтың туған жері – Алматы қаласы екені белгілі. Ол 1912 жылғы 12 қаңтарда өмірге келгені тарихта алтын әріппен айшықталған. Бұл туралы Дінмұхамед Ахметұлы:

– *Балдәурен балалық шағым, қайран жастық дәуренім өткен осынау әсем қала мен үшін оттай ыстық. Әрине, балалық шақтың да, жастықтың да өз белгілері бар. Қызығынан қиындығы басым сол бір кезеңнің біреу біліп, біреу білмес, бірақ өзіме аян өмір жолы қандай болса, өзіммен бірге жасасқандай сезінетін бұл шаһардың да осындай бай тарихы бар*,– деп өзінің кіндік қаны тамған Алматысы жайлы тебіренеді. Білім жолына қадамы Алматыдағы бір замандағы Чернышевский атындағы №19 мектептің бірінші сыныбынан басталады. Мұнан соң қаланың №14 мектебіне ауысады. Алматының тарихы жайлы тартымды еңбектердің авторы, орыс жазушысы Дмитрий Снегинмен бір мектепте шаһарыңда білім алады. Екеуінің мектеп қабырғасынан басталған достығы ұзақ жылдар үзілмей жалғасқан екен.

Дінмұхамед Ахметұлы бала кезінен өте зерек, білім мен ғылымға құштар, байсалды, кішіпейіл мінез-құлықтарымен ерекшеленген, өзгелерге өнеге көрсеткен өрен болыпты. Ол ұстадардың инемен құдық қазғандай қызметіне сүйсінетін шәкірт екенін мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ түсініп, жоғары бағалай біліпті. Соның бір ақиқаты, Дінмұхамед Қонаев 1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы лауазымындағы кезінде өзіне хат танытып, әліппені оқытқан ұстазы, орыс тілінен сабақ берген Анна Павловна Шурованы арнайы қабылдап, соңынан мұғалімінің бұйымтайын сұрайды. Алғашқы ұстазы не жылу, не ыстық суы жоқ ескі үйде тұрып жатқанынан хабардар етеді. Ұстазының жайжағдайын өзінен естіген Д. Қонаев ол кісінің баспана жөніндегі тілегін уақыт өткізбей орындап беріп, өзінің адамгершілік ізгілігін танытады.

Дінмұхамед Ахметұлы жастайынан қазақтың аса көрнекті тұлғаларының бірі және берегейі, инженер-ғалым Мұхаметжан Тынышбаевты өзіне үлгі етеді. Петербордағы жол қатынасталары инженерлерін дайындайтын институтты 1906 жылы тәмамдаған, мұнан кейін Түрксіб темiржол құрылысын салуға белсене қатысқан қазақтан шыққан тұңғыш инженердің қарышты, қажымас қайрат-жігерін жасынан өзіне үлгі-өнеге ретінде қабылдаған жас азамат Димаш: «Осы кісідей инженер болам» деп армандайды. Ол кезде қазақ баласында тау-кен ісімен айналысқан кәсіп иелерінің жоқ екендігі де жігітті ойландырған сияқты. Сонымен қатар, бозбала Димаш Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы Ескендірмен ажырамастай тату, құшақтары айқасқан дос болғаны бар.

Ұлтының ұлылығынан, текті ата-бабаларының тәлім-тәрбиесінен және сол дәуірдің озық ойлы азаматтарының қайталанбас қасиеттерінен нәр алған азамат Дінмұхамедтің өмірі мен еңбек жолы жан сүйсіндірер толағай табыстар мен жетістіктерге толы болды. 1936 жылы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын тамамдаған жас маман әуелде Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішінде тау-кен инженері мамандығымен жұмысқа кіріседі.

Дінмұхамед Қонаевтың еңбек жолын ықшамдап қана айтсақ, алты жыл Қоңырат кеніші мен Лениногор полиметалл комбинатын басқарды, он жыл Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары, үш жыл республика Ғылым академиясының президенті, жеті жыл Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, ширек ғасыр шамасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Сондай-ақ, Кеңес үкіметі дәуірінде Одақтың тағдырына жауапты КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының құрамына 21 жыл бойы сайланды.

1939 жылы КОКП мүшелігіне қабылданған Д. Қонаев үздіксіз, қатарынан партияның тоғыз съезіне делегат болыпты. Ол XIX съезге қатардағы делегат ретінде қатысса, XX съезде мандат комиссиясы құрамына, ал қалған кезекті және кезектен тыс съездерде түгел Президиумға және Орталық Комитет мүшелігіне енгізілсе, СОКП XXVII съезінде Саяси Бюро құрамына бесінші рет сайланған екен.

Асыл азамат Дінмұхамед Қонаев партия съездері шешімдерін халық мүддесіне арналған ақыл-ойдың, парасатпайымның тұнығы, оның әбден таразыланып, елге бағыт-бағдар беретін құжаты деп бағалап, Қазақстанның қарыштап өсуін осы қағидаттармен байланыс-тыратынды.

Бұл кісінің қарапайым, қазақи мінезін зейнеткерлік жасында да байқаған, куәгер болғандар бар. Оған арнап «Визитка» дайындау қажет болғанда, өзінің аты-жөнінен соң тек қана «Тау-кен инженері» деген сөздерді тіркетеді. Мұны көрген замандастары таңырқап:

– *Димеке, мұныңыз қалай? Сізде атақ пен дәрежелер баршылық, Сіз жоғары лауазымды қызметтеріңізді неге қоспайсыз?* – деген.

Оған Димаш Ахметұлы:

– *Олардың бәрі өтпелі ғой. Ал «Тау-кен инженері» – өмірлік нәрсе*, – деп қысқа, әрі тәлім-тәрбиелік мәнді жауап берген көрінеді. Осы арқылы өзінің кәсіби мамандығына деген сүйіспеншілігін, әуелгі мамандығына адалдығын аңғартады.

Димаш Ахметұлы әлемдік тарихи романдарды, әртүрлі көркем жанрлық әдебиеттерді құмарта оқып,халық әндері мен күйлерін сүйсіне тыңдайды екен. Сол себепті жазушылар мен өнер адамдарына құрметпен қарап, қолдай білген. Айтар болсақ, жазушылар Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин, атақты композиторлар Нұрғиса Тілендиев пен Шәмші Қалдаяқов, әншілер Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, ағайынды Ришат пен Мүсілим Абдуллиндер, Әлібек Дінішев, Роза Рымбаева, т.б. еңбектеріне әрқашан қошемет көрсетіп отырған.

Спорт түрлерінен бокс пен күресті қызықтапты. Бұл кісі Қажымұқанның күресін өз көзімен көріп, аса таңданғанын жиі әңгіме етеді екен. Сондай-ақ, қолы босаған кездерінде аңшылықпен айналысса, оттықтарды жинауға да әуес болыпты.

Осы күндері Д. Қонаев мұражайында 7000-нан астам құнды, сирек кездесетін кітап, аңшылық қару-жарақтың сексеннен астам, ал оттықтың 470-тен астамы тұрғаным біледіз. Үлкен кісі тұтынған заттардың бәрі-бәрін мұқият күтіп ұстап, шаң қондырмай, шашау шығармай сақтаған адам – Зухра Шәріпқызы екені айтпаса да түсінікті. Димекеңнің жұбайы Зухра Шәріпқызы Қонаевтар әулетінің мақтанышы болды. Ол қазақтың біртуар перзентін айрықша аялап, күнделікті тыныс-тіршілігін байқап, назар аударып, қазақтың келінінe тән қасиеттерімен танымал болған әйел.

Өткен жылдарға мән беріп, парасат тұрғысынан пайымдасақ, Д.Қонаевтың ел басқарған жылдары тың жетістіктерге толы. Қазақстан Кеңестер Одағындағы он бес республика қатарында Ресей мен Украинада соңғы үшінші орынды иеленді. Ал, еліміз сонау 1955 жылы он үшінші орында тұрғаны мәлім. Осының өзі Димекеңнің ел экономикасын көтеріп, мәдениетті көркейту, халықтың тұрмысын жақсарту жолындағы мызғымас мығым қайрат-жігерін көрсетеді.

Экономиканы терең білуі, мемлекетті басқару тәсілі, осылармен егіз адамгершілік қасиеттері өзара сабақтасып, тығыз байланысып, Димаш Ахметұлын әр қырынан ерекше қасиетті етіп көрсетті. Бұл кісі басшылық қызметте болған 1955 жылдан 1986 жылға дейінгі уақыттарда Қазақстанда өнеркәсіп өндірісі көлемі 8,9 есе, ауыл шаруашылығы – 6,2 есе, құрылыс салу 8 есеге жуық артқан. 1959 жылы елімізде 2 миллион 787 000 қазақ тұрса, бұл цифр 1987 жылы 7 миллионға жеткенін білеміз.

Қазақстан 1955 жылы мемлекетке 7 миллион тонна астық тапсырса, ол кейін 27-30 миллион тоннаға жетті. Диқандардың мемлекетке 7 рет миллиард пұт астық тапсырғаны ұмытылмақ емес. Сондай-ақ, 1976-1987 жылдарды қамтыған 10 жылда елімізде жүздеген елді мекен, 68 жұмысшы кенті, 43 қала бой көтеріп, Қазақстан тұрғындарының шаттадыман тіршілігі көрер көз бен келген меймандарды сүйсіндірді. 1916 жылдарда байтақ даламызда 18 364 мыңқой болса, 1955 жылы оның саны 17 миллион шамасында екен. Ал, 1986 жылы Қазақстандағы қой саны – 36 миллионнан, ірі қара 8 миллионнан артық болыпты.

Алматының сейсмикалық қауіпті жағдайына байланысты тұрғындар санын 1,5 миллионнан асырмау, сондықтан қала төңірегінде кішірек қалалар мен ауылдар санын арттыру сол жылдарда қозғала бастаған көрінеді. Қаланың ауасының ластанбауын осыдан отыз бес-қырық жыл бұрын ойластырып, қала сыртынан айналма жол салуды, ауыр жүк көліктерін ішке енгізбеуді ұсынған және бастап берген де Д. Қонаев екендігі айтылып жүр.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бабамыз әрқашан өз халқын өзінен жоғары санайтын даналығымен ерекше. Ол КСРО және КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі ретінде АҚШ, Қытай, Алжир, Уругвай, Ирак, Үнді, Италия, Египет, Жапония, Болгария, т.б. шетелдерде дипломатиялық арнаулы сапарларға барғанында өзінің туған халқын, кеңбайтақ көпұлтты Қазақстанын мақтанышпен әңгімеге арқау ететін әдеті қалыптасқан. Ол жайлы аға буын қайраткер ағаларымыз жиі айтатын-ды.

Алып тұлғалы қайраткер Д. Қонаевтың халқына, Отан анасына сіңірген еңбегі Мәскеу тарапынан тиісінше бағаланып тұрды. Ол үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағына лайықты болса, сегіз рет Ленин, бір рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталғанды. Үлкен кісі бұл марапаттарды қазақстандықтардың қажырлы еңбегінің қайтарымы деп қабылдап, халқына шексіз ризашылығын арнайтын. Осы орайда көрнекті жазушы Ілияс Есенберлин:

– *Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса, туған елінің бағына туған адам және ол біздің әрқайсымыз үшін айырықша ыстық*,– десе, Мұхтар Әуезов:

– *Мен бір жақсы адамдармен жекжат болған екенмін... Димаш, бұйырса, иісі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл-көзден сақтасын!* – деген тұжырымын оқыған едім.

Дегенмен, әлем таныған Кеңес одағы айырықша құрметтеген, Қазақстанның сүйіспеншілігіне бөленген Д.Қонаевтың биік тұғырдағы орнын аласарту әрекеті 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен соң шұғыл қолға алынды. Мәскеудегі М.Горбачев, Қазақстанға тосын, суыт келген Г.Колбин және өз ішіміздегі кейбір жандайшаптар айтпаған сын, жаппаған жала қалмай, бықсып кетті.

Ал, әлгі сын айтушының сөзі өзінікі емес, Мәскеудегі М.Горбачев пен М.Лигачевтің айлашарғысы екені байқалып тұрды. Қонаевты неғұрлым қатты сынасақ, Мәскеу маңдайымыздан сипайды деген пысықайлар тыныштала қоймады. Ал, осылардың бәрі Д.Қонаевтың жанына тиіп, жүрегін сыздатқанымен, ол бәріне шыдады, сабырлы болды. Тіпті өмірінің соңына дейін: «Қалың орманда биік қарағайдың басын ғана жел шайқайды, халқыма ешқандай өкпем жоқ» деп кетті. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби:

– *Күннің нұрын, айдың ақ сәулесін алақанмен жабу мүмкін емес*, – дегеніндей, кейбір іріліұсақты байбалам салушылар қанша тырыштанса да Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жарқын жүзіне көлеңке түсіре алмады. Димекең өз заманының ғана емес, болашақтың кемеңгері екендігін әлемге паш еткен ұлы адам. Сондықтан ол бізбен, яғни өз халқымен өмір сүре бермекші.

**Кәдіржан ЖЕКСЕНОВ,**
**Алматы облыстық «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» қоғамдық қорының төрағасы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

# ӘКЕГЕ САҒЫНЫШ



**Бұл фәниде мәңгілік ештеңе жоқ екенін бәріміз білеміз. Жаныңа жақын жандарды ажалдан арашалап алар амалың да, шамаң да жоқ екеніне көзің жеткенде, жаныңды қоярға жер таппай қиналасың... Қасіреттің салмағын адам өз басына түскенде айқын сезінетіні рас. Асқар тау әкеміз – Қуандықов Секен Қуандықұлы көзі тірі болғанында биыл сексеннің сеңгіріне шығар еді.**

Әкеміз 1942 жылы 8 қаңтарда Панфилов ауданында ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келген. Әкесі Қуандық Өмірзақов Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған. 1943 жылдың шілде айында анасы Ұлтуарға «Қуандық Өмірзақовтың майдан даласында қаза болғаны» туралы қаралы қағаз келген. Осылай отбасындағы шиеттей балаларды анасы Ұлтуар жетімдіктің құрығына салмай өсіріп, жеткізді.

Жастайынан еңбекқор болып өскен әкеміз 1950-1960 жылдарда Ы.Алтынсарин атындағы Жаркент қаласындағы мектепті бітіріп, сол жылы Семейдегі дайындаушы (заготовитель) техникумына түседі. Оны ойдағыдай тәмәмдап, 1962 жылы еңбекке араласады. Білімін жоғарлатуда 1964-1968 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтының күндізгі бөліміне түседі. Оқуын ойдағыдай бітірген жылы Алакөл ауданына жолдамамен жіберіледі.

1969 жылы Панфилов ауданының «Гвардия» совхозына бас экономист қызметіне ауыстырылады. Араға жылдар салып, 1976 жылы Талдықорған облыстық партия комитетінің шешімімен Ақсу ауданының «Қаракөз» совхозына директор болып тағайындалады. Осы қызметте 1982 жылдың мамыр айына дейін абыройлы еңбек етіп, сол жылы Панфилов ауданының жеміс-жидек совхозына директор болып тағайындалады. Кейінгі жылдарда аудандық жеміс-жидек даярлау базасының (плодобаза) директоры болып та қызмет етті.

Ал, 1986-1996 жылдар аралығында аудандық ауылшаруашылық мекемесінің жоспарлау бөлімін басқарды. Мұнан кейін осы мекеменің басшысы, әрі аудан әкімінің бірінші орынбасары болып та қызметін жалғастырды. 1996 жылы «Үшарал» колхозының төрағасы болып сайланды. Өмірінің соңына дейін еңбектен қол үзбеген әкеміз жеке шаруа қожалығымен айналысты. Тынымсыз еңбегі ескеріліп «Еңбек қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталып, Панфилов ауданының «Құрметті азаматы» атағын иеленді.

Үйдегі балалар үнемі әкемізге қарап бой түзеп, өстік. Оның барлық іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын, түрлі ортада өзін ұстауын, мінез-құлқын, мейірбандығын, тұла бойына біткен ұстамдылығы мен адами қасиетін үлгі еттік. Ол ешқашанда асығыс шешімге бармайтын, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін парасатты, асыл қасиеттерді бойына жия білген жан еді. Оның әр қимылы мен көзқарасынан бізді қаншалықты жақсы көретінін, сенімді қорғанымыз екенін қайда жүрсекте сезінетін едік. Өзі жетімдіктің ащы дәмін татып өскендіктен бізді ешнәрседен шектемей өсірді. Сыртқа қатал болып көрінгенмен отбасындағы әкелік орны ерекше, бала десе жүрегі езіліп салатын бауырмал еді. Табиғатты, суды, тауды, тоғайлы-көгалды жерлерді жылдың түрлі мезгілдерінде уақыт тауып серуендегені, ғаламат өмірді танудан шаршамайтын.

Бізге абыройсыз әдеттен аулақ болыңдар деп өсиет еткен әкеміздің ақыл-кеңесін бұлжытпай орындаумен, өсіп-өндік. Әр баласын ешнәрседен тарылтпады, оқытты, ер жеткізді. Отбасылы болуымызды қуанышпен қабылдап, дүбірлетіп той жасады. Үй болып кетуімізге моральдық-психологиялық, әлеуметтік жағынан үлесін қосып, үнемі қамқорлық танытып жүретін.

Аталық шуағын немерелеріне, шөберелеріне шашқан әкеміздің барында біз де төрт құбыламыз тең, уайым дегенді білмеуші едік. Амал нешік.. Сексенге жетуді Алла бұйыртпады. Адамның қалауы болмай, Алланың қалауы болды деген емес пе?! Әкемізді сағына еске ала отырып, «топырағың торқа, жаның жәннатта, тәнің рахатта болсын, қабірің иман нұрымен, құран нұрымен нұрлансын» деп Алладан тілейміз.

**Еске алушылар:**
**жұбайы – Бақтыгүл, балалары:**
**Нұргүл, Бибігүл, Қуаныш, Айзат.**

ДЕНСАУЛЫҚ

# АУРУ – АСТАН

**«Ауру — астан» десекте көпшілігіміз жүйелі тамақтана бермейміз. Ал асқорыту жүйесінің бұзылуы түрлі ауруға шалдықтыратыны анық.**

Академик Төрегелді Шармановтың айтуынша, ауру-сырқаудың – 70, өлім-жітім көрсеткішінің 60 пайызы тамақтануға байланысты екен. Жалпы, деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда еліміздегі әрбір екінші тұрғын асқазан ауруынан зардап шегеді.

Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі. Яғни ауру, біріншіден, жүйелі әрі құнарлы дұрыс тамақтанбаудың салдарынан пайда болса, екіншіден, күйзеліс пен жүйкеге шектен тыс салмақ түсіруде ауруға шалдықтырады екен. Дәрігердің нұсқауынсыз өз бетімен дәрі-дәрмек қабылдау ас қорыту жүйесін бұзса, шылым шегу мен арақ-шарап ішудің соңы асқазан жарасына соқтыруы мүмкін. Кез келген дәрінің асқазан арқылы сіңетінін ескерсек, үнемі дәрі қабылдауға мәжбүр, мәселен, жүрек ауруымен ауыратын адамдар аса сақтықпен қарағаны жөн. Адамдардың көпшілігі емханаға ауруын асқындырып келеді, мәселен, гастрит ауруы кезінде асқазан қабынып, іші эрозияға ұшырайды. Егер гастритті дер уақытында емдемесе, асқазан жарасының пайда болуына әкеледі. Бұндай кезде адамның жүрегі айнып, құсқысы келеді. Асқазаны қыжылдап, кекіреді, төс асты, жауырынның орта тұсы ауырады. Адам мазасызданып, ұйқысы қашады. Ауыруды сезіну асқазандағы жараның орналасуына да байланысты. Егер жара асқазанның жоғары бөлігінде болса, тамақ ішер алдында, орта тұсында болса, ас ішкеннен кейін екі-үш сағаттан соң ауырады. Ауру асқынған кезде қан құсып, асқазан тесіледі, үлкен дәреттің түсі қарайып, адам әлсірейді. Бұндай жағдайда науқасты ауруханаға жатқызып, жараны ота жасау әдісі арқылы алып тастайды. Ал емханаға келген науқастар қан мен зәр тапсырғаннан кейін оларға фиброгастродуоденоскопия (ФГДС) әдісі арқылы тексеру жүргізіледі. Яғни, жараның бар немесе жоқ екенін, болса қай жерде орналасқанын анықтайды. Бұған қоса ультрадыбысты зерттеу аппараты арқылы бауыр, ұйқы безі мен өт жолын тексереміз. Өйткені асқазан аталған ағзалармен тікелей байланыста болғандықтан, барлығын жіті қарауымыз қажет. Мәселен, кейде адамдар асқазаны ауырып тұрғанын айтады. Бірақ тексере келгенде жүрегі болып шығады. Өйткені жүрек ауруының кейбір белгілері асқазан ауруына ұқсас. Әрі екеуі жақын орналасқандықтан адам қай жерінің ауырып тұрғанын айыра алмайды. Сонымен қатар уақытында тамақтану өте маңызды. Дұрыс тамақтанбаған кезде адамның жүйкесі де сыр береді.

Адамның қарны аша бастағанда ашулануға бейім келеді. Себебі жүйке жасушалары асқазанмен байланысты. Сондықтан аш жүрмеген абзал. Және ауқаттанар кезде есте ұстайтын бір нәрсе, ас алдында кисель немесе айран секілді сұйықтық ішу керек. Бұл астың дұрыс қорытылуына жақсы әсер етеді. Асқазанның ақаудың бар екенін білгеннен кейін майлы, ащы, қуырылған тағамдардан аулақ болған жөн. Тамақты суға қайнатып жегеннің пайдасы өте көп. Бірақ көпшілік осыған мән бермейді. Мәселен, шұжық, кириешки, чипсы, гриль, кәуап секілді қуырылған әрі құрамында жасанды қоспалары бар тағамдарды сау адамның өзі шектеп жеу керек. Сонымен бірге асты асығыс жеп, дұрыс шайнамағандықтан, асқазан бүрлері тітіркеніп, күйзеліске түседі. Өйткені сөл асты қорытып үлгере алмайды. Қарын және ішек жолдарындағы шырышты қабық жарақаттанады. Дәрігер күніге жиырмадан астам адам қабылдайтын болса, соның кем дегенде екеуі асқазан ауруымен шағымданады екен. Әсіресе, аталған дертке алдымен жастар ұрынады. Ауруды анықтауға мүмкіндік мол екенін естен шығармаңыз.

**Бұлбұл НҰРЛАН,**
**ШЖҚ «Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі» МКҚ «Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.**

**Ана сүті баланың өсуі, дамуы және денсаулығы мен әл-ауқаты үшін өте маңызды. Ана сүтімен тамақтандыру балаларды инфекциялардан қорғайды және өмірін сақтайды. Ол ана мен бала арасындағы эмоционалды байланысты сақтайды, сонымен қатар психикалық денсаулыққа басқа да артықшылықтарға жол береді.**



# АНА СҮТІНІҢ ПАЙДАСЫ

Бала жасының кезеңдерінің ішінде ең жедел өсіп-даму кезең – бала туылғаннан 1 жасқа дейінгі аралық. Баланың дұрыс өсіп дамуы үшін оны дұрыс тамақтандырудың маңызы зор. Ана сүтінде сәбиге қажетті бүкіл азықтық элементтер бар. Ешқандай жасанды сүттер, балалар тағам қоспасы ана сүтімен салыстыруға келмейді. Сәбиге алғашқы 6 ай арасында берілетін ана сүті бронхит, іш өтуі, асқазан аурулары, анемия, демікпе, инфекция, аллергия, жұқпалы аурулардан қорғайды. Егер анасы жеткілікті мөлшерде қоректеніп жүрсе, алғашқы 6 ай сәбиге дәрумен және су да берместен тек ана сүтінің өзі жеткілікті болады. Емізу кезінде ана мен сәбидің жақындығы сәбиге сенімділік бергенімен қоса сүттің ең стерильді шарттарда жетіп баратындығы ана сүтінің теңдессіз азық түрі екендігін айқындауда.

Бала емізудің анасына да пайдасы бар; емшек бездерінің ауруларының дамуын болдырмайды, денсаулығына жағымды жағдай туғызып әсер етеді. Қан аздық (анемия), қатерлі ісіктерден сақтайды. Оған қоса нәрестенің сұрауы бойынша, жүйелі түрде түнде, күндіз де емшекпен емізу, босанғаннан кейін 6 ай ішінде келесі жүктіліктен сақтандыратын табиғи фактор болып табылады.

Ана сүті – нәрестенің алғашқы 6 ай өміріне арналған тағам. Емшекпен емізуді 2 жасқа дейін және одан кейін де жалғастыра беруге болады. Ол ең жақсы қорек және нәрестенің денсаулығын қорғайды, келешекте мінез-құлқының қалыпты дамуының негізін қалайды. Бала біздің келешегіміз, еліміздің үміт артқан болашағы.

**Карина КАСЕНОВА,**
**ШЖҚ «Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі» МКҚ «Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

*Өмірдің өзінен*

# ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ

## ОЙ, КЕП... «ПОЙДЫ» ҒОЙ...

Бұдан елу жыл бұрын бір топ баланы аузына қаратып, ортада отырған қарасирақ бала әнеукүнгі клубта көрген Индияның киносының желісін жатқа айтып отыр:

– Брат, пой!...

– Поймаймын...

– Пой! – дедім ғой, мен саған...

– Поймаймын... – дей бергені сол еді, анау:

– Поймасаң... мә, саған! – деп, қақ тұмсығынан маңқ еткізіп еді, бәлсініп тұрған бәлем, ой... пойды ғой келіп-келіп... - деп, әлгінің қалай «пойғанын» көрсетіп, шіңкілдеген дауысымен кинодағы әнді шырқата жөнелді.

Сол қарасирақ бала бүгінде мұрты едірейген, екі көзі ежірейген қара шал болып, балалары алпыс жасқа толған мерейтойын мейрамханада өткеріп жатыр:

– Сен де... қай-қайдағыны ұмытпайды екенсің... – дейді ыржалақтап – сенің алпысқа толған тойыңда неміс Яшканың шабдар айғырының саған не істегенін айтып беремін...

– Кет-ей... айтатын болсаң, сені тойға шақырмаймын...

– Әй-дәйт...деген! Мен қашан тойға шақыру күтіп отырушы едім... Шақырмай-ақ барамын тойыңа...

Ол сөйтеді... Білемін ғой... Қазақтың тойы үзілмесін, ағайын!

## ШҰБАР АЙҒЫРДЫҢ «ШАТАҒЫ»

Қарасирақ қыңыр шалдан естігенше, өз аузымнан естісін деп шұбар айғырдың әңгімесін айтпақшымын сіздерге.

Біздің ауылдан үш-төрт шақырымдай жерде Тельман деген ауыл болды. Соғыс кезінде жер ауып келген кілең неміс ұлтының өкілдері тұратын. Араларында бірен-саран қазақтар, орыс, ұйғырлар бар. «Ауыл итінің құйрығы – қайқы» демекші, біздің ауылға футбол ойнауға келген немістің балаларына ойын біткен соң тебелес ашып, тұра қуамыз ... Оларға барсақ, олар да бізді қуып кеп береді, тырағайлатып. Екі ауылдың ортасында жалғыз түп қарағаш өсіп тұратын. Сол қарағашқа дейін қуамыз бір-бірімізді. Қарағаштан ары аспаймыз. Шекара. Олар да шекарадан аспайды.

Есейіп, ер жете бергенімізде жаңағы индияның киносына құмар қарасирақ құрдасым, қалың немістің ортасында отырған бір қазақтың қызына ғашық болып қалыпты... «Жүрші, Тельманға барып келейікші, жалғыз өзім барғым келмей тұр» деген соң кеш бата, жүрексіне-жүрексіне ауылдың шетіне шықсақ, Көпесбай атам күрең биесін түнге қарай судың бойына арқандап қойыпты. Жанында жабағысы, тайы, құлыны бар үш-төрт бас жайылып жүр екен. Қашсақ, атпен қашайық деп, екеуіміз биеге жайдақ мінгесіп алдық та, шуу-деп жүріп кеттік.

Құрдасым «свиданиеге» кетті, мен болсам күрең биенің үстінде газеттің қиындысына мәхоркі ораумен әуре болып бейқам тұрғанмын. Артымнан біреу қатты нұқып жібергендей болды да, күрең биенің басынан аса, немістің үйінің аласа қоршауынан ары ішке қарай «ыңқ» ете түстім. Түскенде де аулада бұйығып, ұйқылы-ояу жатқан қаздардың ортасына топ ете түсіппін... Дүниеде, түн ішінде ойбайлай қаңқылдаған қаздардың дауысынан жаман ешнәрсе жоқ екен ғой... Айқай-шу... Иттер ұлып... Сол үйдің кішкентай кәнден иті тісі тиген жерден мені ырылдай жұлмалап жатыр... Даланың сведі «жарқ» ете қалды да, көйлекшең, дамбалшаң жүгіріп шыққан үй иелері маған төніп кеп қалыпты: «Ах, ты... покажу тебе как гусей воровать...» деп. Қолындағы жуан таяқты көргенде тұра қаштым... Шекараға жеткенде ғана есімді жиып, ентігімді бастым. Әуелгіде, қылжақ құрдасым бірдеме жасаған екен деп арам ойлап қалғанмын. Болған іске анализ жасасам талдай келе құрдасымның еш қатысы жоқ екеніне көзім жетті... Себебі, менің артымнан ілешала құрдасым да реактивті самолеттің жылдамдығындай жылдамдықпен ауылға қарай «зуу» етіп, өте шыққан еді.

Нендей жағдай болғанын екі-үш күннен кейін білдік қой... Яшканың шұбар айғырын кенеттен махаббаттың құдірет күші әлдилеп, Көпесбай шалдың күрең биесіне секірген ғой баяғы... Абайсызда айғырдың аяғы тиіп кеткендіктен, биенің үстінде бейқам отырған мен омақаса құлап, бір-ақ сәтте «үйрек-қаз ұрлағыш» ұры атанып шыға келдім...

## ЕКІ ЖҮЗ ТЕҢГЕЛІК ҚАҒАЗ АҚША

Немересінің бір жасқа толған құрметіне Қаңтарбай қатырып тұрып той жасады. Анық алты дуан елді тойға шақырмаса да, аумағы атшаптырым тойхананың іші қонақтарға лық толды. Айнала ығы-жығы халық. Біреуді-біреу біліп болмайды. Әне бір еркек, әйелін жоғалтып алған ба, телефонын құлағына басып алып, жан-жағына алақтай қарап, зыр қағып жүр...

Тойхананың қабырғасына осы тойдың себепкері, бір жастағы Біржанның портретін әйдік плакат етіп жасап іліп қойыпты. Плакаттың астына шыны жәшік (урна) қойылыпты. Шыны жәшіктің (урнаның) қасында, әйгілі Есік қорғанынан табылған алтын адам емес-ау, заманауи алтын «әйел» тұр. Мойнындағы, құлағындағы, саусақтарындағы, білегіндегі және т.б. жерлеріндегі алтыннан жасалған әшекейлер жалт-жұлт етіп көздің жауын алады. Қонақтар, кезек-кезегімен келіп әлгі алтын «әйелге» бас ие тәу етіп, шыны жәшіктің тесігіне қолындағы қағаздарын сыпайы түрде салып өтіп жатыр... Мәселенің мән-жайын анық білмейтін адам, бұл жерде сайлау науқаны, яғни, ана плакаттағы бір жасар қара баланы президенттікке сайлап жатыр екен деп ойлап қалғандай. Тойхананың ішінде кішкене балалар кәмпиттің қағазын қалай болса солай аяқ астына тастай сап, бірін-бірі қуалай асыр сала ойнап жүр.

Тойға келетін қонақтардың аяғы сәл саябырсыды-ау, беретіндерін беріп болды-ау деген кезде, мерейтой иесі бір жасар Біржанның папасының шешесі, тойыс, шыны жәшікке кім қанша салады деп қас қақпай қарап, бағып тұрған жаңағы үстібасы толған «алтын» әйел, өзінің екі сіңлісі мен екі келінін шақырып алып, шыны урнаның ішіндегі «бюллетеньдерді» ақ жайманың үстіне төгіп тастап, сұрыптауға кірісті.

Құны жиырма мың теңгелік, он мың теңгелік ашаң түсті көгілдір қағаздар бір жаққа, бес мың теңгелігі бір топқа, екі мың теңгеліктер келесі стопқаға қатталып жатқан кезде... қараған сайын көз тартатын әдемі ақшалардың арасынан екі жүз теңгелік жалғыз өзі сопаң етіп шыға келмесі бар емес пе... Қоңырқай түсі оңып кеткен, шет-шеті жырым-жырым, мыж-мыж, әбден умаждалған екі жүз теңгелік қағазды көрген кезде, жаңағы «алтын әйел»: «Бұл қай сорлы... осыны да ақша дей ме... тойға келгішін, өзінің» – деп, қолын жиіркенішпен сілкіп қалып еді, екі жүз теңгелік қағаз ақша қасынан жүгіріп өтіп бара жатқан кішкене баланың екпінімен анадай жерге ұшып кетті де, төрт бүктетіле бүк түскен қалпы жан-жағында керексіз боп жайрап жатқан кәмпиттің орама қағаздарымен бірге аяқ асты болып тапталып жата берді...

Шапқылай ойнап жүрген кішкене балалар еденде жатқан екі жүз теңгеге көңіл аударар емес. Үлкендер жағы көріп тұрса да ақшаны еденнен көтермеді: «Ой, мынау бір жарымаған жан екен ғой!» – деген сөзге қалып жүрерміз деген ойда болды ма қайдам, «тойхананың ләмпішкелері қандай әдемі еді» дегендей, екі көздерін тас төбеге қадап, бір-ақ сәтте қадірі кетіп қалған екі жүз теңгелік қағаз ақшаға қарамауға тырысты...

**Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ**
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ

МЕДИЦИНА

**Бұрын паллиативті көмек қатерлі ісікке шалдыққан науқастарды симптоматикалық емдеу деп саналатын. Қазір бұл ұғым дамудың соңғы сатысындағы кез келген ем қонбайтын созылмалы ауруларға, соның ішінде көпшілігі онкологиялық науқастарға қатысты болып отыр.**

# ПАЛЛИАТИВТІ КӨМЕК қалай көрсетіледі?

Анықтамаға сәйкес паллиативті көмек – науқастың мүмкіндігінше белсенді ұзақ өмір сүруін қамтамасыз етуге тырысады. Емделушінің ауыр науқастанған кезінде оның отбасына көмек ұсынады және ауыр қайғыдан кейінгі уайымдау кезеңінде психологиялық қолдау көрсетеді. Емделуші мен оның отбасының барлық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында кәсіпаралық тәсілді пайдаланады, емделушінің өмір сүру сапасын жақсартады, сонымен қатар ауру ағымына оң әсер етеді, жеткілікті түрдегі уақтылы жүргізілген шаралардың басқа емдеу әдістерімен жиынтығы науқастың өмірін ұзартуы мүмкін. Өмірінің соңында арнайы паллиативті көмекті талап ететін науқастардың үш негізгі тобын анықтауға болады. Атап айтқанда, 4-сатыдағы қатерлі ісігі бар науқастар; терминалды сатыдағы ЖИТС науқастары; дамудың терминалдық сатысындағы онкологиялық емес күшейген ауруы бар науқастар (жүрек, өкпе, бауыр және бүйрек жеткіліксіздігі декомпенсациясы сатысы, ұмытшақ склероз, ми қанайналымының бұзылуынан болатын ауыр салдар және т.б.).

Паллиативті көмекті ұйымдастыру әртүрлі болуы мүмкін. Науқастың кешенді күтімі мен көмектің әрбір түріне қажеттілігін қанағаттандыру үшін медициналық та, медициналық емес те мамандықтар бойынша әртүрлі мамандарды тарту қажет. Сондықтан бригада немесе хоспис штаты әдетте дәрігерлерден, сәйкесінше дайындықтан өткен мейіргерлерден, психологтан, әлеуметтік қызметкерден және дін қызметшісінен тұрады. Көмек көрсету үшін басқа мамандар қажеттілігіне қарай тартылады. Сонымен қатар туысқандарының және еріктілердің көмегі пайдаланылады. Күшейген созылмалы сырқаттың соңғы сатысындағы емделушілердің өмір сүру сапасын жақсарту қазіргі заманғы денсаулық сақтаудың маңызды медициналық-әлеуметтік мәселелерінің бірі болып табылады, ал көмек көрсету шешімі паллиативті медицинада маңызды. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «…біздің елімізде паллиативті көмекті дамытуға мемлекеттің мүдделі екендігін растайтын оңалту және паллиативті көмек қызметін дамыту (хоспистер, мейіргерлік күтім ауруханалары және т.б.)» міндеттері тұр.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтауды дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында өлім-жітімді төмендету, белсенді ұзақ жасауды арттыру арқылы халықтың қоғамдық денсаулық жағдайын жақсартудың негізгі индикаторлары анықталған. Қазіргі таңда Қазақстанда паллиативті қызметті жетілдіру жолдарын анықтауға, арнайы медициналық ұйымдар – хоспистердің жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінуде.

«Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасында» онкологиялық диспансерлер мен көп салалы ауруханалар базасында онкологиялық науқастарға ем жүргізу және оңалту бөлімдерін құру, стационарлық және амбулаториялық деңгейде диагностика жасау мен емдеудің жоғары технологиялық әдістерін енгізу, амбулаториялық деңгейде толық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, паллиативті емдеу бөлімдерін (орталықтарын) құру қарастырылған.

**Лена БЕЛЬЧЕНКО,**
**ШЖҚ«Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі»МКҚ**
**«Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.**

# ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР АУРУЫНЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ

**ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап халық денсаулығына төнген қауіптердің бірі – жүрек-қан тамыры жүйесі ауруларының көбейіп әрі жасара түсуі. Бұл сырқаттар бүгінгі ересектер арасындағы науқастанудың, мүгедектіктің және өлім-жітімнің негізгі себепшісі болып отыр.**

Дегенмен, жүрек-тамыр ауруларының алдын алуға болады. Алдыналудың жаппай шараларын қолдану нәтижесінде АҚШ, Австрия, Жапония, Канада сияқты елдерде бұл аурудан болатын өлім-жітім кеміген. Мұндай жұмыстардың жетістігі тек дәрігерлерге ғана емес, сонымен бірге халықтың өзіне де, яғни, олардың салауатты өмір салтын ұстана білуіне байланысты. Жүректің ишемиялық ауруының негізі болып табылатын атеросклероз адамның балалық шағынан-ақ дами бастап, ұзақ уақыт бойы симптомсыз жүретіні белгілі болды. Атеросклероз және жүректің коронарлық қан тамырлары қызметтерінің жетімсіздігі салдарынан жүрек ишемиясы мен миокард инфаркт аурулары пайда болады. Жүректің коронарлы артерияларының тарылуы немесе окклюзиясы оны қанмен қамтамасыз етуін төмендетеді. Жүрек жасушалары жұмыс кезінде оттегіні пайдаланады, сондықтан олар қан құрамындағы оттегі деңгейіне тәуелді болып келеді. Холестериннің шөгуі оттегі жеткізілуін төмендетіп, жүрек қызметін төмендетеді. Осындай жүрек коронарлы тамырларының бір немесе бірнеше зақымданулары болса, кеуде тұсында ауырсынулар болады. Кеуде тұсындағы бұндай ауырсынулар, сигнал ретінде симптом болып табылады. Ауырсыну мойынға, аяққа және қолға берілуі мүмкін, ол тамақтан соң немесе физикалық жүктемеден кейін пайда болуы ықтимал. Бұл жағдай біршама уақытқа созылса, жүрек жасушаларының қоректенуін бұзады, яғни ишемияға әкеледі, ал ол өз кезегінде «миокард инфарктісіне» әкеледі.

Коронарлы артериялардың ауруы (жалпы атеросклероз клиникасының бір көрінісі) жүрек бұлшықеттерін толықтай қанмен қамтамасыз ете алмайды, нәтижесінде зақымдалу пайда болады. Қазіргі таңда ЖИА күн санап өсуде. Аортокоронарлы шунттау ЖИА емдеудің ең тиімді әдісі болып табылады. Науқастар операциядан соң өздерін жақсы сезінеді, бірнеше айдан соң қалыпты өмір сүру салтына қайта келеді. Аортокоронарлы шунттау (АКШ) – бұл жүрек қан тамырларының тарылған жерін қалпына келтіретін операция түрі.

**Әділхан СЕРІКҚАЛИ,**
**ШЖҚ«Талдықорған жоғарғы медициналық колледжі»МКҚ**
**«Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru




### Январь 2022
1 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 52 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 1 | 2 |
| 01 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 02 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 03 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 04 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 05 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

### Февраль 2022
1 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 05 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 06 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 07 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 08 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 09 | 28 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

### Март 2022
1 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 09 | 28 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 10 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 11 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 12 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 13 | 28 | 29 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 |

### Апрель 2022
2 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | 28 | 29 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 |
| 14 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 15 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 16 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 17 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 |

### Май 2022
2 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 |
| 18 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 19 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 20 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 21 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 22 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

### Июнь 2022
2 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 23 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 24 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 25 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 | 3 |

### Июль 2022
3 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 | 3 |
| 27 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 28 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 29 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 30 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

### Август 2022
3 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 32 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 33 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 34 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 35 | 29 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 |

### Сентябрь 2022
3 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 35 | 29 | 30 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 36 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 37 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 38 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 39 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 |

### Октябрь 2022
4 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 39 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 |
| 40 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 41 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 42 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 43 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 44 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

### Ноябрь 2022
4 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 44 | 31 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 45 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 46 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 47 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 48 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 | 3 | 4 |

### Декабрь 2022
4 квартал

| Нед | Пн | Вт | Ср | Чт | Пт | Сб | Вс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 48 | 28 | 29 | 30 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| 49 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| 50 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 51 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 |
| 52 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 1 |

*Құрылтайшы*
*"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ*

***Баспахана директоры***
***Бақберген ТҮКІБАЕВ***

***Бас редактор***
***Айтақын БҰЛҒАҚОВ***

***Редакция алқасы:***

***Сарби ӘЙТЕНОВА** – редактордың орынбасары*
***Арайлым НҰРЖАПАР** – тілші*

***Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.***

Алатау

*Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.*

*Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.*

***Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.***

***Редакция мекенжайы:** 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

*Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;*
*E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru*
*Сайты: alatau_gazeti*

*Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.*

*Таралымы 2500*
*Тапсырыс № 7*
*Индекс 15534*